

егемен

ҚАЗАҚСТАН

## Тоныкөктей терең тұлға

Дәуірлер мен замандар ауысса да, сан қилы қоғамдық жүйелер алмасса да, қара тастың өзін кеміріп жоқ ететін уақыт пен кеңістік сапырылысса да, өлшемі кеміп өзгермейтін, мыңқ етіп мызғымайтын, бояуы оңғанымен ішкі нәрі құлпырып қайта түлей беретін, халыққа сарқылмас өзен-өмірдің мәңгі сарынын жалғайтын рухани жауһар құндылықтар, мәйекті мәдени игіліктер болады. Мұндай баға жетпес ақыл-ой қазыналары жекелеген халықтарды ғана емес, тұтас адамзатты, бір өңір ғана емес, орасан кеңістікті өркениет бесігінде тербетіп, ұшы-қиыры жоқ салқар уақыттың қоңыраулы рәмізіндей алыс ғасырлардан күмбірлеп үн қатып тұрады. Адам-қоғам-табиғаттың ілгері жылжыған осынау ішкі үнінің дабысын естіп, нәзік ырғағына зер салып, тамыр бүлкілін жүрек лүпіліне үйлестіріп, айналасын таңғажайып әсерге бөлей алатын қайталанбас тұлғалар болады. Мұндай дарабоз жандар ұлттық ой-сананы жаңа белеске көтеріп, тұтас бір халықтың интеллектуалдық өресін өрісті көкжиекке жетелей береді.

26.05.2017



Түрк халықтары мұндай сыпаттағы рухани жетекшілерін абыз деп айшықтап атаған. Алаш жұртын тарихтың талай бұралаң, тұманды жолдарында, небір шаңды жорықтарда адастырмай алға сүйреген тегеурінді тұлғалар қобыз ұстап, толғауларын түмен сарбаздың алдында толғап, толағай ерлерді қаһармандыққа, білікті билеушілерді даналыққа үндеген, болашақты болжап,

хандарға кеңес айтып, елдің жарғы-жасасын жасақтаған, хан мен халықтың арасына алтын көпір болған. Есте жоқ ықылым замандардан бастау алып, елмен бірге есейген абыздар легінің бізге мәлім көшбасшысы Тоныкөк екені белгілі.

Күңіреніп күн түбіне жортатын батырларға жол сілтеген дана Тоныкөк Ұлы даланың ұрпағына айдан анық, күннен нұрлы, әманда жігер беретін талмас канат секілді. Мәңгілік ел мұратын жанына жалау еткен бүгінгі жас буын «Күндіз отырмадым, түн ұйықтамадым, қара терімді төктім, қызыл қанымды ағыздым, Түрк ұрпағы үшін» деген ұранды жатқа айтады, жарау атқа мініп, мұздай сауыт киіп, жалаулы найза көтерген бабалар рухынан мәңгілік қуат алады. Бұл – тәуелсіздік жемісі, тәуелсіздікке жету жолында күні бұрын тәуелсіз сананы, рух бостандығын халқына сыйлап үлгерген қазақ мәдениетінің марқасқалары, алдыңғы буын алтын дәуіріміздің алқалы зиялыларының төккен тері, еккен дәнінің мәуесі екені айдан анық.

Тоқтаусыз айналған дәуір доңғалағымен бірге дәстүр де жалғаса береді. Бүгінде сексеннің сеңгіріне келген, Орхон мұраларын зерттеуде олжа салып, қазақ әдебиетінің тарихын он ғасырға ілгері жылжытқан, Тоныкөк сынды білгенін біліктілікпен зерделеп, қара тасқа қайта тіл бітірген ғұлама, Жамбыл жыраудың рухымен сырласып, кемел Кененнің батасымен көгерген, тәуелсіз мемлекетіміздің керегесін керісіп, шаңырағын көтеріскен ұлт қайраткері, азаттықтың елең-алаңында Елбасының жанынан табылған қазақ мәдениетінің қаранары, ғұлама ғалым Мырзатай аға Жолдасбековті сол кешегі абыздардан қалған сарқыт, мың жылдық керуенге куәгер жолаушы деп айта аламыз. Кеңестік кезеңде еліміздің тарихын архивтің шаң басқан түкпіріне қамап, тілге тұсау, рухқа кісен салған зілмауыр кезде халықты марксизм-ленинизмнің қызылкөмеш даңғаза ұранынан емеурінмен арашалап, тегеурінді мінез көрсеткен, рухы құлдыраған алашқа қарлығаштай қанатымен су сепкен қамқоршы ел ағасы, қарағайдай қасқайған абыздар болды. Бұл – елін «Абай жолына» шақырған ұлы Мұхтар Әуезов, кезбе көшпелілерде қазыналы қала, өзгеше өркениет болғанын айғақтаған академик Әлкей Марғұлан, хан Кененнің рухын тірілткен тарихшы Ермұхан Бекмаханов, ежелгі әдеби жауһары бар тамырлы ел екенімізді дәлелдеген профессор Бейсенбай Кенжебайұлы бастаған ұлтымыздың ар-намысы іспетті кемел кемеңгерлер керуені еді.

Солақай саясат үстемдік құрған сол тұста Орхон-Енесей мұраларын, Алтын орда дәуірінде хатталған ежелгі әдебиет үлгілерін кейбір ғалымдардың өзі жатырқаған, тосырқап, үрке қараған кездер болған. Осындай тарихқа деген қасаң қағида, мәдени мұраға деген ызғарлы көзқарас, сірескен мұзға айналған қате ұғым-түсінігімізді түзету алдыңғы буын зиялыларымыз үшін оңайға соқпаған. Ұлттық төл мәдениет әбден жұтаң тартып, ата діліне, ана тіліне алапат апат төнген тұста алыс ғасырдағы түрк рухын шырақ етіп, алаштың намысын ояту үлкен ерлікке пара-пар еді. Елді елең еткізіп, 1967 жылы «Мектеп» баспасынан «Ежелгі әдебиет нұсқалары» хрестоматия-оқулық жарияланып, мәдени өмірімізге ерте келген көктемнің шуағындай елеулі

жаңалық әкеледі. Қазақ әдебиеттану ғылымын жаңа белеске көтерген еселі еңбектің авторларының бірі Мырзатай Жолдасбеков болатын. Осылайша ғылымға тұлпар тұяғымен дүбірлеп келген жас талант 1969 жылы «Көне түркі әдебиет нұсқалары және оның қазақ әдебиетіне қатысы» деген соны тақырыпта академик Ә.Марғұлан жетекшілік ететін диссертациялық кеңесте ғылыми еңбегін табысты қорғайды. Әйгілі Әлкей Хақанұлы сол мәжілісте: «Мырзатай Жолдасбековтің диссертациясы қазақ әдебиетінің байырғы бастауларын ашқандықтан, бұл жұмысқа докторлық атақ беру керек» - деп, зерттеуге аса жоғары баға береді. Бұл оқиға – байырғы бабалар мұрасының тарих қойнауынан отанымызға қайта оралған жұлдызды сәт еді.

Тұғырлы еңбегіне тарихи-салыстырмалы әдісті тірек еткен жас зерттеуші «Түрк халықтары өз әдебиетінің тарихын бертіндегі ұлт болып қалыптасқан шақтан емес, бірге жүріп тіршілік еткен бәрімізге ортақ дәуірден бастайды. Бұл әбден заңды. XV ғасырға дейінгі жасалған әдеби шығармалар мен ақын-жазушылар түрк халықтарының бәріне де ортақ болып келеді. Ендеше, қазақ халқы XV ғасырда құралды, одан әргі тарихтың, мұраның бәрі де бізге бөгде екен деп түңіліп қарауға болмайды. Өйткені, халық тарихы, тілі, әдебиеті қысқа мезгілдің аясына сыймайтын, басынан сан мың жылдарды өткізіп келе жатқан тым ұзақ жол» деп жазып, алаш рухын аспандата түседі.

Ғалымның түрк халықтарының бірлігі мен ынтымағын ту етіп, елдік пен ерлікті ұран еткен қисынды ой-жосығы кейінгі еңбектерінде де жалғасын тауып, нығая түсті, бүкіл ғылыми-шығармашылық, қарымды қайраткерлік қызметінің алтын арқауына, шалқар өрісіне айналды.

1986 жылы жарық көрген «Асыл арналар» монографиясында ғалым Орхон мұраларының жанрлық табиғаты, поэтикасы, тілдік өрнектері, VII-VIII ғасырдағы түрк халықтарының өмір-тұрмысы, хандық жүйесі, олардың қазақ халқымен байланысын байсалды зерделейді. Бұл монография түркология ғылымына түрен салған салмақты да салиқалы терең зерттеу еңбек болды. Ол кезде әлемдік түркология ғылымда бұл келелі мәселелердің кейбір саласы әлі шешімін түбегейлі таппаған, пікірсайыс күйінде даулы тұрған болатын. Мәселен, түрколог А.Щербак Орхон жазбаларын қара сөзбен жазылған түрк қағандығының жылнама, деректері, өлеңге қатысы жоқ десе, зерделі зерттеуші И.В.Стеблева осы үлгілерді тұтастай поэзияға жатқызған еді. Жетекші ғалымдардың ығына жығылмай дара соқпақ таңдаған жас ғалым М.Жолдасбеков өзіндік көзқарасын сенімді дәлелдеп, аталмыш еңбегінде бұл мұраға поэзия мен қара сөз аралас жазылған батырлық эпос деген анықтама беріп, ескерткіштің жанрлық ерекшелігін дөп басып айқындайды. Ол Күлтегін, Тоныкөк жазбаларын «Алпамыс» сынды қазақ эпостарымен салыстырып, поэтикалық-стильдік ұқсастықтарын салыстыра зерделеп, салмақты тұжырымдар жасайды. Өзіне дәріс берген ұстазы М.Әуезовтің «Орхон жазулары деген не? Бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіші ретінде зерттеп жүр. Соған қоса ол фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой» деген ой ұшқынын өбектеп, сөнбес

алауға айналдырып, табанды да батыл ғылыми түйіндер жасайды. Зерттеуші Орхон мұралары туралы сәулелі ой-пікір білдірген қазақ авторларын ерекше ықыласпен атап өтіп, кішіпейілдіктен айнымай, ғылымның күмбезді сарайында әдептілік пен кісілік парасатын таныта түседі. Даңғайыр тілші Қ.Жұбанов Орхон жазуларын алғаш рет жоғары оқу орнында оқытуға талап қылғанын ілтипатпен атап, бұл салаға қатысты Ә.Марғұлан, А.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаровтардың тарихи-тілтанымдық зерттеулеріне терең назар аударады. Іргелі зерттеуі арқылы соны тақырыпқа қалам ізін салған алғыр ғалым М.Жолдасбеков «Шынында ол ескерткіштерді жасаған негізінен қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар еді... Бұл ескерткіштердің қай тілде жазылғанын анықтайтын уақыттың жеткендігін В.Бартольд, В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Малов сынды ғұламалар талай жазған және соңғы екеуі ол жазбалардың тілі қазіргі қазақ тіліне көбірек келетінін баса айтқан. Сөйтсе де, өкінішке орай, бір ғасырдан астам уақыт бойы зерттеліп келе жатқан осы бір ғажап шығармаларды халқымыздың мұрасы ретінде соңғы жылдарға дейін қазақ ғалымдарының батылы жетіп, ешкім қолға ала қоймаған», деп ғасырлар керуенінен қалған толағай жүкті тәуекелдік етіп иығына алғанын оқырманға хабардар етеді.

«Асыл арналардың» жарық көруі шын мәнісінде қазақ руханияты үшін көзқуаныш, көне мұрамыздың ортамызға қайта оралуына жасалған жарқын қадам еді. Күлтегін жырының күмбірі, Тоныкөк даналығының алтын зерлі ұшқыны халқымызға осылайша тәбәрік-тарту болды. Тас бетіндегі эпостарды қағаздан оқу арқылы қазақ жұрты өзінің арғы тамырын тапты, мұқала бастаған ар-намысын қайрады, түпкі бостан болмысын таныды. «Елді халық едім, елім қайда, кімге ел-жұрт іздермін, қағанды халық едім, қағаным қайда, қай қағанға күш-қуатымды берермін?» деген ұранды жолдар бұғаудағы алашты бостандыққа талпындырды, мүлгіген тас бетінен қайтадан нұрлы өмірге жолдама алған жауынгерлік жырдың айбынды үні тәуелсіздіктің бозала таңында Ұлы даланы тербетіп тұрды.

Дарынды түрколог, жыраулық дәстүрлі мектептің зерделі зерттеушісі һәм шырақшысы Мырзатай аға аударған «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары қобыздың қоңыр әуезіндей халықты бірден баурап алды, нақысты тілімен, өрнекті кестесімен өзіне еліктіріп, көне поэзиямызды байыта түсті. Бұл туралы классик жазушы С.Мұратбеков, «Міне, «Асыл арналар» да қанатын қағып ұшып шықты. Ғұмырлы кітап! Кітап қана шығарып отырған жоқсың, тарихымыздың өшуге айналған беймәлім беттерін жасап отырсың. Әлі талай ұрпақ өзіңе бас иіп, алғыс айтатын болады. 26.IX.1986», - деп қолтаңбасын қалдырып, ақ түйенің қарыны жарылған сәтте ақжарма лебізін білдіріпті.

Күлтегін, Тоныкөк мұрасы қалың оқырман қауымның сүйіп оқитын жырына айналып, қадым дәуірден келген қастерлі қазына елге төл мұрасындай лезде етене болып жерсіне қалуы Мырзатай ағаның өзі жазғанындай қазақ халқы көне түркілердің нағыз жұрнағы екендігінде, сонымен бірге ғалымның қалам қуаты, ғылыми шығармашылық әдіснамасы, стильдік өрнегі ерекше тартымды да нәрлі болғандығының айғағы.

Ол Орхон-Енесей мұрасын бәдіздеген ру-тайпалар жер бетінен өшіп кетпей, қазақ арасында бүгін де жасап жатқанын, жұртымыз көне түрктің заңды жалғасы, мұрагері екенін бай деректермен дәлелдей түседі, Ұлы дала мұрасының иесі де, киесі де қазіргі алаш екенін тұжырымдайды. Сонымен бірге жауынгер жыраулар институты қазақ ауыз әдебиетінде Алтын орда дәуірінен желі тартып, Сыпырадан бастау алып, Қазтуған, Шалкиіз, Асан қайғылармен жалғастық тауып, бертінгі Бұқар, Сүйінбай, Жамбылға дейін үзілмей жеткенін, осы жырау типінің бастау сағасында Тоныкөк тұлғасы тұрғанын дәстүр сабақтастығы мен поэтикалық-стильдік байланыстар арқылы нақтылы дәлелдейді. Ғалым бұл арқылы жазба әдебиетіміздің арналы бастауы сонау VIII ғасырда әлдеқашан қалыптасқанын дәйектеп көрсетеді, тасқа өрнектелген ежелгі үлгілер әдепкі ерлік эпос екенін жүйелі анықтайды.

Халық шығармашылығының бірден-бір салиқалы зерттеушісі ретінде ғалым көне түрктен керуен тартқан зерлі де мөрлі ой-тұжырымдарын кейінгі зерттеулерінде жалғастыра түсті. Жамбыл бастаған Жетісу жырауларының дәстүрлі мектебін зерделеген жұмысы – өз алдына бір төбе. Жамбыл мен Кененді халқына қайта танытып, таныстырды. «Жүз жыл жырлаған жүрек», «Асыл сөздің атасы», «Халық поэзиясының алыбы», «Тоқсан толғау», «Орхон ескерткіштерінің толық атласы», «Күлтегін», «Ел тағдыры – ер тағдыры», «Шың мен шыңырау», «Күндерімнің куәсі», «Сөзді ұғатын кез келді» секілді іргелі еңбектері ғылым кеңістігінде самаладай жарқырап тұр.

Мырзатай аға Тоныкөктей тағылымы терең, танымы тұңғиық, тегеуріні берік тұлға, ойшылдық пен мемлекетшілдікті, отан үшін жасампаз қызметті өзара қауыштыра білген өрелі қайраткер. Ол тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына тиянақты үлес қосып, Елбасы саясатының жүзеге асуына «Түн ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп» қажырлы қызмет етіп келе жатқан біртуар тұлға. Ел тарихының ең бір күрмеуі қиын күрделі кезеңінде Қазақстанның Оқу ағарту министрі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі, Мемлекеттік кеңесшісі, Премьер-министрдің орынбасары, Президенттің кеңесшісі сияқты лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Қазақ халқының тағдыры таразыға түскен аумалы-төкпелі заманда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жанынан табылды. Халықтың ардақты ұлдарының бірі Өзбекәлі Жәнібековпен үзеңгілесе жүріп, ұлт мүддесі жолында қаламы мен қайратын қару етіп, қыруар істер атқарды. Мәселен, қазақ тілі туралы Колбинге жазған хатын кейін академик Әбдуәли Қайдар «тарихи хат» деп бағалаған еді. Сол тұста сең қозғалып, Алаш арыстары ақталды, «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, Тіл туралы заң қабылданды. Ұлттық санада серпіліс болып, халықтың рухы көтерілді, Наурыз мейрамы ресми түрде мемлекеттік деңгейде тойлана бастады. «Елдестірмек – елшіден» деп, Қазақстанның Ирандағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін абыроймен атқарды, Дипломатиялық Академияның ректоры, Сыртқы істер министрінің орынбасары болып, сыртқы саясат саласында тер төкті. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры болған жылдары айтысты жандандырып, оркестр

құрды. Күлтегін ескерткіші елге келіп, «Күлтегін күндері» дәстүрге айналды. Мырзатай аға Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығын басқарған тұста оны ұлт руханияты мен мәдениетінің ордалы орталығына айналдырды. Елбасының ұсынысымен Түркі дүниесі ақсақалдар кеңесінің алғашқы мүшесі болды, тамырлас елдер арасында байланыстарды нығайту, ынтымақтастықты дамыту жолында көптеген келелі ұсыныстар жасады.

Түркі өркениетінің теңдессіз құндылықтарын тек қана қағаз бетінде зерттеп қана қоймай, оның бүгінгі тәуелсіз елдеріміздің мәдени-рухани өміріне дендеп еніп, ізгілікті кәдеге жарап, жас ұрпаққа нәр беруіне ұдайы ықпал жасап, қаламгерлігі мен қайраткерлігі үндестік тапқан Мырзатай аға Жолдасбеков тұңғыық, дана Тоныкөк сияқты түркі дүниесінің тегеурінді тұлғасына, ардақты ақсақалына, батагөй абызына айналды.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ